6D010200 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Аяпбергенова Гульсум Сагындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына

**ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| № р/н | Критерилер | Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет) | Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету) | 1.1 Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.<br>Қазіргі уақытта білім беруді мемлекеттік бағдарламаның талаптарына сәйкес, педагог кадрларды даярлау мәселесін түбегейлі қайта қарау қажеттілігі талап етіледі.<br>Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Өмір бойы білім алу» қағидаты негізінде мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету басты максат ретінде аталып өткен. Яғни, бүгінгі таңда «бүкіл өмірге арналған оқу» парадигмасының орнына «өмір бойы оқу» (үздіксіз білім беру) белең алды. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету, мұғалімдердің, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеттерінің нәтижелерін дербес іске асыру, басқару, сыни бағалай алуының көрініс табатын арнайы құзыреттілігін қалыптастыру көкейкесті болып отыр.<br>Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеттерінін нәтижелерін дербес іске асыру, басқару, сыни бағалай алуынын көрініс табатын арнайы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болмақ. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған | Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Докторант теориялық тұрғыдан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модельді және оны жүзеге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | асырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеді, әзірледі және іске асырды. |
| 3. | Дербестік принципі | Дербестік деңгейі:<br>1) жоғары<br>2) орташа;<br>3) төмен<br>4) дербестік жоқ | Жұмыстың дербестік деңгейі жоғары, бұл әдебиеттермен жұмыс жасау кезінде, теориялық бөлімді талдау мен жалпылауда, диагностикалық құралдарды таңдауда, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруда, диссертациялық зерттеудің ұсынылған қорытындыларында нақты байқалады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу:<br>1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертацияның өзектілігі негізделген. Докторант:<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен қазіргі қолданыста жобалар әдісін бұл мәселені шешудегі мүмкіндіктерінің толыққанды пайдаланылмауының арасында;<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық негіздеумен, оны тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеуі арасындағы карама-қайшылықтарды анықтаған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:<br>1) көрсетеді;<br>2) ішінара көрсетеді;<br>3) көрсетпейді | Диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын көрсетеді, кіріспеде көкейкестілігі, тақырыпты таңдау, зерттеудің ғылыми аппараты негізделеді;<br>Диссертацияның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде «құзыр», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісін негізінде қалыптастыру» ұғымдарының мәндік сипаттамасы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар негізделеді.<br>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | деген екінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері жинақталады: қолданылған диагностикалық құралдар сипатталған, зерттеудің анықтаушы кезеңінің нәтижелері ұсынылып, қалыптастырушы эксперименттің логикасы ашылып, зерттеудің қорытынды кезеңінің нәтижелері талдауға алынды. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда ғылыми зерттеудің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру.<br>Зерттеу міндеттері:<br>1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің қалыптасуының мәндік сипаттамасын талдау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұнын ашу.<br>2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісі әдісінің мүмкіндіктерін анықтау.<br>3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың педагогикалық моделін теориялық негіздеу және өңдемелеу.<br>4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау.<br>5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру үшін әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі мен анықталған педагогикалық шарттарының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру. |
| | | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:<br>1) толығымен өзара байланысты;<br>2) ішінара өзара байланыс;<br>3) өзара байланысы жоқ | Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысты. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты қорғауға шығарылатын қағидалары толығымен өзара байланысты, диссертациялық зерттеу нәтижелерін толықтай көрсетеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) ішінара талдау;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа автрлардың дәйексөздерін білдіреді | Зерттеу мәселесінің бұрын белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде автор жаңа шешімдерді ұсынады. Атап айтқанда: докторант алғаш рет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың жай-күйін егжей-тегжейлі қарастырады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру ұғымын философиялық категориялардың ұқсастық теориясында (жеке, ерекше және жалпы) бөлінуіне сәйкес, құзыреттілік ұғымын - кәсіби міндеттердің орындалуын, мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін қызметті сапалы жүзеге асыру қабілеттерінің жиынтығы (*жалпы*): кәсіби құзыреттілік – қоғамда қабылданған нормаларға, стандарттар мен талаптарға сәйкес кәсіби функцияларды орындау қабілеті мен айындығын анықтайтын тұтас кәсіби және жеке тұлғалық сипаттамасы (*ерекше*); арнайы құзыреттілік- кәсіби іс-әрекеттің накты пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрсететін өз жұмысының нәтижелерін дербес іске асыру, басқару, сыни бағалай алуының көрініс табуы (*жеке*) ретінде пайымдай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру ұғымын *пәндік, әдістемелік, жобалау* компоненттерінің жиынтығымен сипатталатын кәсіби іс-әрекеттер (арнайы) саласындағы накты пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрсететін оку пәні мен кәсіби іс-әрекетті өз бетінше жүзеге асыруға, басқаруға, өз еңбегінің нәтижелерін сын тұрғысынан бағалауға даярлығы ретінде нақтылайды.<br>Сонымен қатар, автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру үшін құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледі және педагогикалық шарттарын дәйектеді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);<br>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа) | Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа, өйткені докторант:<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың мәндік сипаттамасына талдау жасаған;<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұнын, сондай-ақ құзыр, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, арнайы құзыреттілік, болашақ бастауыш |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісін негізінде қалыптастыру ұғымдарын нақтылаған;<br>- болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтаған;<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған;<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған;<br>- тәжірибелік-эксперименттік жұмыста құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының тиімділігі тексерілген. |
| | | 5.2 Диссертацияның тұжырымдары Жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);<br>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа) | Диссертацияның тұжырымдары жаңа және зерттеу мақсаты мен міндеттерінің шешімін толық көрсетеді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады:<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа);<br>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа) | Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген болып табылады, өйткені докторант болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеп, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесіне енгізді. |
| 6. | Негізгі тұжырымдардың негізділігі | Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін) | Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық негізгі тұжырымдар өте жақсы негізделген.<br>Бірінші нәтиженің негізділігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру проблемасын теориялық талдаудан тұрады.<br>Екінші нәтиже болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтаумен, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру ұғымының мазмұнын нақтылаумен негізделген.<br>Үшінші нәтиженің негізділігі болашақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуімен және педагогикалық шарттарының анықталуы болып табылады.<br>Төртінші нәтиже болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижесінде негізделген. |
| 7. | Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Жағдай дәлелденді ме?<br>1) дәлелденген;<br>2) жартылай дәлелденген;<br>3) жартылай дәлелденбеген;<br>4) дәлелденбеген<br>7.2 Тривиальды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ | 7.1 Қорғауға шығарылатын қағидалар дәлелденген. Дәлелдеме зерттеудің негізгі теориялық қағидаларымен, эксперименттік мәліметтерді талдаумен, зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеумен, диссертациялық зерттеу мазмұнынын ғылыми аппаратқа сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.<br>7.2 Жоқ, ережелер тривиалды емес, өйткені олар жаңалыққа ие.<br>7.3 Иә, диссертациялық зерттеудің ережелері жаңа болып табылады.<br>Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор бұрын педагогикалық ғылым тұрғысынан қарастырылмаған бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру проблемасына теориялық талдау жасаған.<br>Екінші нәтиженің жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтап, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру ұғымының мазмұнын педагогика ғылымында бұрын болған анықтамалар негізінде алғаш рет нақтылаған.<br>Үшінші нәтиженің жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін және педагогикалық шарттарын жоғары білім беру мекемелері үшін алғаш рет ұсынылатындығымен сипатталады,<br>Төртінші нәтиже жаңалық талаптарына жауап береді, өйткені тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін растайды.<br>7.4 Қолдану деңгейі кең, өйткені теориялық зерттеудің, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру кезінде ғана емес, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігін арттыру саласында да қолданыла алады.<br>7.5 Иә, дәлелденді, себебі негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелері, қорытындылар автордың 15 ғылыми жарияланымында көрініс тапты: 1 мақала – SCOPUS базасына кіретін журналда, ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарда 5 мақала, алыс шетел ғылыми басылымдарында 6, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 3 мақала.<br>Сонымен қатар, 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық, 1 әдістемелік нұсқаулық шығарылған. |
| 8. | Шынайылық принципі Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы | 8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған<br>1) иә;<br>2) жоқ | Ия, әдіснама өте егжей-тегжейлі сипатталған. Іргелі философиялық, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар ашылған; зерттеудің эмпирикалық әдістері мен диагностикалық құралдар негізделген; әдіснамалық тәсілдер мен қағидаттар сипатталып, олардың негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру процесі жүзеге асырылған. |
| | | 8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Ия, диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып алынған және нәтижелер компьютерлік технологиялар арқылы түсіндірілгендіктен:<br>- теориялық (ғылыми, оқу және анықтамалық әдебиеттерді, ҚР заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарын талдау);<br>- эмпирикалық (педагогикалық эксперимент, байқау, сауалнама әдістері, психологиялық тесттер);<br>- деректерді статистикалық өңдеу әдістері және басқалары |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен | Ия, теориялық тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында алынған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):<br>1) иә;<br>2) жоқ | нәтижелер әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін растаған және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде калыптастыру деңгейінің жақсарғанын көрсеткен. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Диссертациядағы маңызды мәлімдемелерді автор өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 218 дереккөзден тұрады. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Ия, диссертацияның теориялық мәні бар, өйткені:<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру проблемасына теориялық талдау жасалған.<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін калыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтаумен, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру ұғымының мазмұнын нақтыланған;<br>- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және педагогикалық шарттары анықталған.<br>- тәжірибелік-эксперименттік жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін анықталған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Ия, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді болашақ бастауыш сынып мұғалімдердерін даярлау тәжірибесінде, сондай-ақ арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастыру бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде қолдану ықтималдығы жоғары. |
| | | 9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа);<br>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа) | Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа. Автор төмендегі оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеп, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісіне енгізген:<br>- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру элективтік курсы;<br>- Бастауыш мектепте жобалар әдісін пайдалану оқу құралы;<br>- Білім беруде жобалар әдісін қолдану атты электрондық оку құралы;<br>- студенттерге жобалармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. |
| 10. | Жазу және безендіру сапасы | Академиялық жазудың сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) срташа;<br>3) орташа деңгейден төмен;<br>4) Төмен. | Академиялық жазудың сапасы жоғары, докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Автор материалды ұсынудың ғылыми стилін қолданған, диссертациялық жұмыстың дизайны талаптарға сәйкес келеді. |

6D010200 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Аяпбергенова Гульсум Сагындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің теориялық және практикалық маңызы зор.

Г.С. Аяпбергенова диссертациялық зерттеу нәтижелерін оң бағалай отырып, келесі кемшіліктерге назар аудару қажет деп санаймын:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мән берілген Action Research және Lessen Study әістерін «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі», «Математиканы оқыту әдістемесі», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» пәндерінің тақырыптарын жобалауда қолдануды ұсыныс ретінде болса да көрсеткен дұрыс болар еді.

2. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері» атты екінші бөлімінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін диссертациялық зерттеудің қосымшасына енгізген жөн .

3. Жұмыста техникалық қателер арагідік кездеседі.

Анықталған кемшіліктер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.

Орындалған зерттеу тұтас, өзекті, дербес және аяқталған болып табылады, 6D010200 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденү үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты, 6D010200 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша докторант Аяпбергенова Гульсум Сагындыковнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіремін.

**Ресми рецензент:**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж.Аганина

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
ОТДЕЛ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ КазНПУ имени Абая
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ